

Сайлау – 2023

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Тайынша таңы» газетінің редакциясы 2023 жылдың 12 ақпанына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота, Летовочный, Чермошнян ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау жөніндегі сайлауға қатысу үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспасөз бетінен орын берудің шарттары, көлемі мен тәртібін хабардар етеді.

БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫ ҮШІН ОРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

Редакцияның баспа материалдарына орын белгілеу «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады. Баспа материалдары үшін орын белгілеу кандидаттарға үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы редакциямен жасалатын жазбаша келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарттың және оған тиесілі құжаттардың үлгісі жоғарыда аталған жазбаша өтінішті беру кезінде көрсетіледі. Баспа беттерінде орын белгілеу туралы редакциямен келісімшартқа кандидаттың (сенім білдірген адамның) қол қоюы кандидаттың (сенім білдірген адамның) сайлауалды үгіт жүргізуге қатысты редакцияның қызметін пайдалануға келісім беруі болып табылады. Келісімшарт жасасу үшін кандидат, партиялық тізімін ұсынатын саяси партия редакцияға мынадай ақпараттар көрсетілген жазбаша өтініш білдіреді:

- жазбаша өтінішті тіркеу нөмірі, күні мен уақыты;
- кандидаттың (партиялық тізім ұсынған саяси партияның атауы) аты-жөні, кандидаттың, жазбаша өтініш берген сенім білдірген адамның аты-жөндері;
- жазбаша өтініш берген адамның өкілеттілігін растайтын құжат: кандидаттың (сенім білдірген адамның) жеке куәлігі, кандидаттың (сенім білдірген адамның) уәкілетті мемлекеттік орган берген куәлігі немесе заңнамаға сәйкес өзге құжаты;
- сайлау округі (саяси партия);
- баспа материалдары орнының көлемі және оны беру мезгілі, үгіт баспа материалдарының түрі көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны;
- кандидаттың немесе сенім білдірген адамның қолы.

Үгіт баспа материалдары редакцияға жарық көруге 5 (бес) жұмыс күні қалғанда беріледі. Баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық алауыздықты өршіту, қатыгездік пен зорлық-зомбылық, сондай-ақ заңнамада көрсетілген әскери құрамалар құру идеяларын ұсынған жағдайда редакция оларды жариялаудан бас тартуға құқығы бар.

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІ, АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2023 жылдың 12 ақпанына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота, Летовочный, Чермошнян ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау жөніндегі сайлауға қатысу үшін баспа материалдарына ақы төлеу мөлшері – «Тайынша таңы» газетінде 1 (бір) шаршы сантиметріне – 150 (жүз елу) теңге. Баспа материалдарына ақы төлеудің сомасы алдын ала 100 пайыздық ақысын төлей отырып, тиісті сайлау қоры аударуы керек. Алдын ала төлеу редакция берген шот негізінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу баспа материалдары үшін орын бөлу туралы тиісті келісімшартта немесе шотта көрсетілген редакцияның банктік реквизиттеріне сәйкес атқарылады.

Гүл НҰРАЛИНА, «Тайынша-Таңы» ЖШС-нің директоры.

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІХАНА

“Жуматов М.С.” ЖК
Сериясы ВП №000593 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

ЖЕКЕ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІГЕР

Сериясы ВП №004124 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

Үй құстарына, атап айтсақ бройлер, үйрек және қазға арналған Ресейде өндірілген дәруменді жем-азықтарды сатады. Сатылымда құстар арасындағы инфекциялық ауруларға қарсы құралдар да бар.

Мекенжайы: Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 294 және Пролетар көшесі, 291-1 тел. 87779217555.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 20. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.

БІЛІМ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қаңтар айының ҰБТ 10 қаңтарда басталды, ол 2023 жылдың 10 ақпанына дейін жалғасады. Тайынша ауданы бойынша барлығы 241 түлек болды, қаңтар айындағы ҰБТ-ға қатысуға 147 оқушы немесе 61,9% тіркелді. Тестілеушілер 2 аймақтық UStudy орталығында: Петропавлда және Көкшетауда тестілеуден өтеді.

Қаңтардағы тестілеудің қорытындысы бойынша шекті деңгейден өткен 11-сынып оқушылары Қазақстанның жоғары оқу орындарына коммерциялық негізде түсу құқығын беретін сертификаттар алады. Білім грантын тағайындау конкурсына қатысқысы келетіндер үшін жазғы тестілеуге міндетті түрде қатысу қажет. Айта кету керек, ҰБТ-2023 тестілеу форматы өзгеріссіз қалды. Қатысушылар Қазақстан тарихынан 20 тапсырма, оқу сауаттылығы бойынша – 15, математикалық сауаттылық бойынша – 15 және екі арнайы пән бойынша 35 тапсырма орындайды. Барлығы – 120 сұрақ. Ең көп ұпай саны – 140. Тестілеудің жалпы уақыты – 4 сағат (240 минут). Сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қосымша 40 минут беріледі. Сонымен қатар, алаңдататындардың саны азайды (жауап нұсқалары). Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны бестен төртке дейін, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларында (үш дұрыс жауаптан көп емес) нұсқалар саны сегізден алтыға дейін қысқартылды. Қаңтар айынан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламалары топтарына түсуге ниет білдіргендер ҰБТ-ны «Математика-информатика» комбинациясы бойынша тапсырады.

*** **

10 января стартовало январское ЕНТ, которое продлится до 10 февраля 2023 года. Всего в Тайыншинском районе - 241 выпускник, зарегистрировались на участие в январском ЕНТ 147 учащихся, или 61,9%. Тестируемые будут проходить тестирование в 2-х региональных центрах UStudy: в г. Петропавловск и в г. Көкшетау. По итогам январского тестирования 11-классники, преодолевшие пороговый уровень, получают сертификаты, дающие право на поступление в высшие учебные заведения Казахстана на коммерческой основе. Для тех, кто хочет участвовать в конкурсе на присуждение образовательного гранта, необходимо обязательное участие в летнем тестировании. Стоит отметить, что в ЕНТ-2023 формат тестирования остался без изменений. По истории Казахстана участники выполняют 20 заданий, по грамотности чтения – 15, по математической грамотности – 15 и по 35 заданий по двум профильным предметам. Всего – 120 вопросов. Максимальное количество баллов – 140. Общее время тестирования составляет 4 часа (240 минут). Также сохранится дополнительное время в 40 минут для детей с особыми образовательными потребностями. Кроме того, уменьшилось количество дистракторов (варианты ответа). В тестовых заданиях с одним правильным ответом количество вариантов уменьшено с пяти до четырех, в тестовых заданиях с одним или несколькими правильными ответами (не более трех правильных ответов) количество вариантов с восьми до шести. Начиная с январского ЕНТ, желающие поступить на группы образовательных программ «Подготовка учителей информатики», «Информационные технологии», «Информационная безопасность» сдают ЕНТ по комбинации «Математика-Информатика».

Тайынша аудандық Білім бөлімі.

Зейнеткерлер БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының 50% ала ала ма?

Әлеуметтік желілерде және басқа да көздерде таратылып жүрген зейнеткерлердің зейнетақы жинақтарының 50% алуға болатыны туралы ақпарат шындыққа жанаспайды!

Қазақстан Республикасының заңнамасында зейнеткерлердің тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануы:

егер зейнетақы мөлшері алушының орташа айлық табысын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленген 40 пайыздан төмен емес деңгейде алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе көзделген. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан алғашқы электрондық хабарламаны алған күні салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауға тиіс.

Осыған байланысты БЖЗҚ әлеуметтік желілерде және басқа да көздерде таратылып жүрген, жинақтардың 50% алу мүмкіндігі туралы «жалған» хабарламаларды елемеге кеңес береді!

Оның үстіне, БЖЗҚ барлық операцияларды тегін жүргізеді.

Қордың сервистері туралы барлық ақпарат БЖЗҚ сайтында орналастырылған, барлық қызметтер Қор бөлімшелерінде не epf.kz сайты немесе БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы онлайн-форматта көрсетіледі.

БЖЗҚ бөлімшелерінен немесе қашықтықтан, атап айтсақ, көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ «Сыныптастар», Telegram, «Facebook», «Контактіде», «Twitter» және «Instagram» сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалар арқылы, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp көмегімен кез келген ақыл-кеңесті алуға болады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі салымшылар (алушылар) үшін +7 (727) 356-10-60 нөмірі бойынша немесе Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған «Онлайн қоңырау шалу» сервисі арқылы кеңес алу мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ – ДА ҚАНДАЙ ТӨЛЕМДЕР

БЖЗҚ-дан белгіленген кесте бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне зейнет жасына толған адамдар: ерлер – 63 жасқа толғанда, әйелдер - ағымдағы жылы 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылы - 61 жасқа толғанда құқылы.

Алушылардың екінші санаты - егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар.

Жасына байланысты зейнетақы және мемлекеттік базалық зейнетақы тағайындау, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу үшін бірыңғай өтініш және құжаттар топтамасымен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына ғана жүгіну қажет. Алушыға белсенді, яғни әдепкі бойынша мемлекеттік кепілдікті төлеу жөніндегі қызмет көрсетілетін болады.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін, Қордың тікелей кеңсесіне немесе «Электрондық қызметтер» бөліміндегі сайт арқылы жүгінулері қажет.

Зейнетақы төлемдерін алу үшін қажетті құжаттар тізімі epf.kz сайтында егжей тегжейлі көрсетілген.

Бұл ретте зейнетақы төлемін алуға өтініш берген күн болып:

- зейнет жасына толған алушылар үшін - өтініш Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күн;

- бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар алушылар үшін, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе - БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған не түскен күн есептеледі.

Салымшы 45 жасқа толған кезде, зейнетақы жинақтары республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмаған кезде зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы өз жинақтарын сақтандыру компаниясына аударуға болады.

«БЖЗҚ» баспасөз қызметінің соңғы мәліметтері.